

## **ҚР Ұлттық Банкі әзірлеген заң жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы ақпараттық хабар**

ҚР Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында «ҚРҰБ заңдарының және НҚА-ның жобалары» бөлімінде «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (заң жобаларын әзірлеу кезінде қолданыста болған) 14-бабы 9-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті 34-1-тармағының талаптарына сәйкес БАҚ-та, оның ішінде Интернет желісінде талқылау үшін бірқатар заң жобалары орналастырылды.

Мәселен, **2015 жылғы 9 қазанда** «Коллекторлық қызмет туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдардың жобалары орналастырылды.

**2015 жылғы 30 қыркүйекте** – «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары.

Осы заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Коллекторлық қызмет туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1124 және № 1125**; «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1105 және № 1106** қаулыларымен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының мәтіндері бар жоғарыда көрсетілген қаулылары тиісінше Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі сайтында **2016 жылғы 15 қаңтарда** (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001124> - «Коллекторлық қызмет туралы», <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001125> - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы») және **2016 жылғы 3 ақпанда** (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001105> - «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы», <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001106> - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы») орналастырылды.

**Жоғарыда аталған заң жобалары бойынша сұрақтар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) сұрау салуға, сондай-ақ төмендегі телефондар бойынша өтініш жасауға болады:**

**+7 (727) 2704 585**

**+7 (727) 3302 497**

**+7 (727) 3302 452**